«Ә.Бөкейхан атындағы тірек мектебі (РО) жанындағы интернаты» КММ

қамқоршылық кеңес отырысының

**№3 хаттамасы**

**17.12.2024 жыл**

**Қатысқаны -9**

**Қатыспағаны: 0**

**Күн тәртібі:**

1.Қарағанды облысы білім басқармасы Ақтоғай ауданы білім бөлімі «Ә.Бөкейхан атындағы тірек мектебі (РО) жанындағы интернаты» КММ директоры бос лауазымына үміткер Мусина Арнагуль Акатаевнаның кандидатурасына келісу/келіспеу туралы

**Тыңдалды**

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша қамқоршылық **кеңес төрағасы Б.Бекіш :** Құрметті кеңес мүшелері, бүгінгі отырысымыздың күн тәртібіндегі Қарағанды облысы білім басқармасы Ақтоғай ауданы білім бөлімі «Ә.Бөкейхан атындағы тірек мектебі (РО) жанындағы интернаты» КММ директоры бос лауазымына үміткер Мусина Арнагуль Акатаевнаның кандидатурасын келісу немесе келіспеу туралы мәселені қарау. Мусина Арнагуль Акатаевна тәрбие ісі жөніндегі орынбасары ретінде 8жыл, оқу ісі жөніндегі орынбасары болып 1 жыл қызмет атқарды, өткен 2023 жылдан бері директордың міндетін атқарушы болып жұмыс істейді.Тәжірибесі бар, тиянақты және мектеп жұмысын жақсы меңгерген деп айта аламыз. Сіздер осы кандидатураны қолдайсыздар ма?

**Сөз алғандар:**

**Ш.Үмітбек , кеңес мүшесі:** Мен толықтай қолдаймын. Мусина Арнагуль Акатаевна жұмысына жауапты.Ұжыммен тіл табысады және өзінің білімі мен тәжірибесі арқылы мектеп жұмысын дамыта алатынына сенемін, еңбек жолында талай жетістіктерге жеткен. Басшылық қызметті толықтай атқара алатынына сенімдімін.Мен осы ұсыныспен толықтай келісемін.

**А.Рымқанова , кеңес мүшесі:** Мен де келісемін.Білім беру сапасын жақсарту, ұлттық құндылықтарды дәріптеу, мұғалімдердің кәсіби дамуын қамтамасыз ету сияқты алдына қойған мақсаты, міндетемесіне сәйкес жұмыс жүргізе білетініне сенімдімін, қолдаймын.

**Ж. Бөріғұл, кеңес мүшесі:** Мусина Арнагульдің кандидатурасын толық қолдаймын. Мектептің бағыт-бағдарын айқындап, жетістікке жететін жолын саралайтын менеджер олып, кез келген проблеманы дер кезінде шешіп, ұжымның береке-бірлігін арттыратын тұлға бола алатынына сенемін.Жаңашылдығымен, іскерлігімен қызметкерлерді алға жетелейді деп ойлаймыз.

**Б.Бекіш , кеңес төрағасы :** Өте жақсы. Сонымен, бүгінгі отырысымыздың шешімі Мусина Арнагуль Акатаевнаның мектеп директоры қызметіне кандидатурасы бір ауыздан қолдау тапты деп мәлімдеймін.

Дауыс берді:
Ия-9
Жоқ -0

**Шешім:** .Қарағанды облысы білім басқармасы Ақтоғай ауданы білім бөлімі «Ә.Бөкейхан атындағы тірек мектебі (РО) жанындағы интернаты» КММ директоры бос лауазымына үміткер Мусина Арнагуль Акатаевнаның кандидатурасы мақұлдансын.

Қамқоршылық кеңестің төрағасы: Б.Бекіш
Хатшысы: Т.Жұмабекова
Мүшелері: А.Рымқанова
Б.Сейілбаева
М.Түсіпбек
Д.Досмақов
Н.Өміржанова
Ә.Әбіл
Ш.Үмітбек